



**Автор:** Жәдігер Зейнеп Тұрғынқызы

**Пән:** Математика

**Сынып:** 6-сынып

**Бөлім:** Рационал сандар және оларға амалдар қолдану

**Тақырып:** Рационал сандарды көбейту

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	6.1.2.15 Рационал сандарды көбейтуді орындау;
Сабақтың мақсаты:	Рационал сандарды көбейту тақырыбын меңгереді; Алған білімдерін есеп шығаруда қолданады
Бағалау критерийлері:	Рационал сандарды қосуды біледі, - Рационал сандарды көбейтудің қасиеттерін қолданады;
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды бірлікке, татулыққа, сыйластыққа баулы отыра ұжымдасып жұмыс істеуге қалыптастыру;

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (3 мин)	«Ой қозғау» әдісі. Ұйымдастыру: оқушылармен сәлемдесу, сыныптағы қажеттілікті түгелдеу, топтық және жұптық жұмыс кезінде техника қауіпсіздігін ескертемін. Жәнеде бүгінгі сабақтың мақсатын қысқаша айтып өтемін. Шайтан көлден хан сарайының арасы тай шаптырым жер, ал Тазша лашығы ат шаптырым жерде орналасқан. Өлшемей айт, Шайтан көлмен лашық арасы неше шақырым болады? Сыныпты «Термин сөздер» тәсілі арқылы 3 топқа топтастырамын. Үй тапсырмасын тексеру үшін «Жолдың шетіндегі таңбалар» әдісін қолданамын. Оқушыларға үй тапсырмасына қатысты дәптердің шетінде «Ж»- жеңіл, «Қ» қиын, «К» - күмән тудырады деп таңба қалдыруды сұранамын, мұғалім сабақтың басталуына дейін әрбір оқушының проблемаларын көруге, ал оқушы рефлексия жасауға үйренеді.	
Сабақтың ортасы (8 мин)	<i>Жеке жұмыс. «Сағат тілі» әдісі бойынша оқушылар орындаған жұмыстарын келесі топпен алмасады. Саралау: Оқушылардың қажеттіліктеріне қарай топта оқушылар бір-біріне қолдау көрсетеді. Бұл тапсырмада саралаудың «Қарқын» тәсілі көрініс табады. Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.</i>	
Сабақтың соңы (2 мин)	Ой толғаныс. «Пікір алмасу» (Showdown). Әрбір топ тақырыпқа қатысты 5 сұрақ немесе есеп дайындайды. Әрбір сұрақты немесе есепті стикердің бірінші жағына, ал жауабын екінші жағына жазып, келесі топпен стикерлерін ауыстырады. Топ басшысы стикердегі сұрақтар немесе есепді оқиды (көрсетеді), топ мүшелері жауаптарын жазып дайындайды. Көшбасшы белгі бергенде, барлығы өз жауабын ашады және жауаптарды талқылап, дұрыс жауаппен салыстырады. Үй жұмысы: 625 Рефлексия: «Уақытпен ойла» әдісі Мұғалім сөз айтады.	
Рефлексия (2 мин)	«Уақытпен ойла» әдісі	